65
К-41

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ УНИВЕРСИТЕТІ
«Экономика және әкімшілік ғылымдар» факультеті
«Экономика және Қаржы» кафедрасы

SULEYMAN DEMIREL
UNIVERSITY

# «ҚАРЖЫ» және «ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП»

пәндері бойынша студенттер үшін курстық жұмыс жазуға әдістемелік нұсқаулар

# Methodological Package

for writing coursework on discipline: «FINANCE» and «FINANCIAL ACCOUNTING»

Қаскелең, 2015

65.261
Қ41 б/н

Қаржы және қаржылық есеп пәндері бойынша студенттер үшін курстық жұмыс жазуға әдістемелік нұсқаулар.- Каскелен, 2015.- 93т. 76т.

Пок

Дог

№
1

Всег
Всеı

**СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Экономика және әкімшілік ғылымдар» факультеті**

SULEYMAN DEMIREL UNIVERSITY

**«Экономика және Қаржы» кафедрасы**

# «ҚАРЖЫ» және «ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП» пәндері бойынша студенттер үшін курстық жұмыс жазуға әдістемелік нұсқаулар

# Methodological Package for writing coursework on discipline: «FINANCE» and «FINANCIAL ACCOUNTING»

**Қаскелең, 2015**

Баспаға Сүлейман Демирель Университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің 2015 жылғы 25-тамыздағы № 1хаттамасы бойынша ұсынылды.

**Пікір жазғандар:**
1. Елшібаев Рақымжан – Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеттің «Экономика» кафедрасының доценті, э.ғ.к.
2. Темірбекова Жанар - Сүлейман Демирель Университеттің «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі, СДУ қауымдастық профессоры, э.ғ.к.

**Құрастырушылар: Сарсенова Д., Азимбекова А., Заманбеков Д., Сабденалиев Б., Тлеубаев А., Кусниева А.**

**«ҚАРЖЫ» және «ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП 1» пәндері бойынша студенттер үшін курстық жұмыс жазу әдістемесі/ Құрастырушылар: Сарсенова Д., Азимбекова А., Заманбеков Д., Сабденалиев Б., Тлеубаев А., Кусниева А. – Қаскелең: СДУ баспаханасы,2015 -16б**

**УДК 338.9**
**ББК 36.02**

Scientific library
№

**Кіріспе**

«Қаржы» пәні бойынша экономикалық факультеттің студенттері үшін курстық жұмыс міндетті және алғашқы маңызды ғылыми жұмыс болып табылады. Бұл жұмыс экономиканы, оның қаржы саласын терең шығармашылық зерттеуді және өзіндік экономикалық талдауды талап етеді. Курстық жұмыс болашақтағы дипломдық және басқа да ғылыми жұмыстарды жазудағы алғашқы қадамдардың бірі болып табылады.

Курстық жұмыстың көлемі 10-15 стандарттық машина-жазулық тексттік парақтар құрайды. Курстық жұмыстың тақырыбын студент өзі берілген тақырыптар тізімінен таңдайды. Студенттің, оқытушының келісімі бойынша, курстық жұмыстың тақырыбы мен мазмұнын өзгертуге құқығы бар. Бір тақырып бойынша бір топтан екі студентке курстық жұмыс жазуға болмайтынын тақырыпты таңдау барысында ескерген жөн.

**I. Курстық жұмыстың негізгі міндеттері.**

Курстық жұмыстың мақсаты – теориялық, практикалық материалдар негізінде қаржы саласының маңызды мәселелерін өзіндік терең зерттеу.

Курстық жұмыста жоспар құрастырылады. Оның мазмұнына келесідей бөлімдер кіреді:

- Кіріспе;
- Негізгі бөлім;
- Қорытынды мен ұсыныстар бөлімі;
- Қолданылған әдебиеттер тізімі;
- Қосымшалар.

Алдымен курстық жұмыстың тақырыбын таңдап алу қажет. Тақырып дұрыс анықталса, жұмыс та белгіленген мерзімде орындалады. Тақырып «Қаржы», «Қаржылық есеп» пәндері бағдарламасының 5-6 тақырыбын оқып үйренгеннен кейін, 6-7 апта аралығында таңдалады. Тақырыпты таңдау барысында, оның теориялық мән-мазмұнын, негізгі сұрақтарын және мақсаттық проблемаларын қолдағы бар әдебиет пен оқулықтардан алдын-ала оқып біліп алған дұрыс болады.

Курстық жұмыстың тақырыбы келесі зерттелген жұмыстар негізінде ашылады: қаржы және қаржылық есеп пәндерінің тарихы, қазіргі қаржы және есеп бойынша әдебиеттер, журналдар мен газеттік публикациялар, статистикалық материалдар және интернет ақпараттары.

**II. Курстық жұмысты жазу кезеңдері.**

**1. Тақырып таңдау және әдебиет жинау.**

Әдебиет жинау кезінде, сіз өткен және осы уақыттың келесі экономистер мен қаржыгерлерге көңіл аударыңыз: Адам Смит, Давид Рикардо, Карл Маркс, С.Фишер, Г. Марковиц, У. Шарп, Р. Мертон, Ф. Модильяни, М. Миллер, Дж. Тобин, А. Блэк, Мельников В.Д., Васильева М. В., Михель Э.Э., Баймуратов У. Б., Құлпыбаев С.К. және т.б. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында және басқа елдердегі қаржылық әдебиеттерге, журналдар мен газеттерде орналыстырылған мақалаларға көңіл аудару қажет. Негізгі периодика: «Вопросы экономики», «Финансы Казахстана», «Ақша және несие», «Бизнес», «Корпоративные финансы», «ҚР ҒА Хабаршысы» т.с.с. Газеттер: «Казахстанская правда», «КоммерсантЪ», «Капитал», «Деловая неделя», ж.т.б. Кітапты немесе басқа материал көзін толығымен оқып зерттеу міндетті емес, бөлек бөлімдер, параграфтар, беттермен шектелуге болады.Ұсынылатын әдебиеттер Қосымша -3 келтірілген. Сол әдебиеттермен қатар электронды кітапхана базасындағы, Ұлттық кітапхана және басқа да кітапханалар кітаптары мен мақалаларын қолданыңыздар.

**2. Жоспар құру.**

Әдебиетті зерттеу кезінде қысқаша жоспар құру керек. Жақсы құрастырылған жоспар маңызды рөл атқарады. Жоспардың негізгі бөліміне тақырыптың мазмұнын мен маңызын ашатын 3-4 сұрақтардың болғаны дұрыс.

Жалпы кез келген тақырыптық курстық жұмысты негізінен үш бағытта анықтап жазған ұтымды. *Біріншіден*, курстық жұмыстың тақырыбын категориялық-анықтамалық түрде талдап жазу. *Екіншіден*, курстық жұмыста қаралатын тақырыптың негізгі мәселесі жүйелі түрде, белгілі бір экономикалық модель (концепция), шаруашылық механизм ретінде суреттелуі. *Үшіншіден*, осылай категориялық және теориялық деңгейде толық анықталған проблеманы, Қазақстанның нақты экономикалық-әлеуметтік, қаржылық жағдайларымен байланыстыра отырып, оның тәжірибелік-практикалық бағытын баяндап ашып беру - курстық жұмыстың түпкі мақсаты болады. Осылай анықталған курстық жұмыстың ішкі мазмұнының логикасы мен құрылымына сәйкес (курстық жұмыстың) жоспары жасалады.

Сонымен курстық жұмыстың тақырыбы: 1) категориялық, 2) теориялық, 3) тәжірибелік деңгейде анықталады. Осы айтылған үш бағыт курстық жұмыстың негізгі мазмұндық бөлімі болады. Бұдан басқа, жұмыстың кіріспе және қорытынды бөлімдері де беріледі. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, қаралатын негізгі сұрақ мәселелері, жұмыстың теориялық және тәжірибелік мақсаттары қысқаша анықталады. Кіріспе ықшамдалып, қысқаша 1-1,5 бетке жазылып беріледі. Сондай-ақ, жұмыстың соңында жоспарда қойылған және негізгі бөлімде баяндалып жазылған сұрақтардың түйіндері тұжырымдалып, қорытынды ретінде 1-1,5 бетке ықшамдалып беріледі.

**3. Материалды іріктеп алу мен өңдеу.**

Курстық жұмыс сұрақтарының мазмұнын ашу кезінде, фактілік және статистикалық материалды қолдану үлкен рөл атқарады. Негізгі материал көзіне келесілер жатады: кітаптар, статистикалық жинақтар, газеттер, журналдар, есептер, бизнес-жоспарлар.

Студенттің мемлекеттің, облыстың, ауданның, қаланың кәсіпорындар, бөлек фирмалардың өндірістік-коммерциялық, қаржылық қызметі жайлы жергілікті материалдың пайдалануы берілген сұрақтың түсіндіруіне қатысты болуы керек.

Сандық материалдар негізінде кестелер, сызбалар, диаграммалар құрастырылады, олар терең болжам жасауға көмектеседі.

**4. Тексттің жазылуы.**

Студент қорытынды тексттің мазмұндауына тек, оқытушыға ұсынылған курстық жұмыстың жоспарын бекітілген кезде кірісе алады.

Оқылған әдебиетті сөзбе-сөз көшіру әдепті емес.

Курстық жұмысты жазу өндірісі: ең алдымен негізгі бөлімнің тексті жазылады, содан кейін кіріспе және қорытынды.

Кіріспеде студент ҚР-ғы берілген сұрақтың жағдайын және негізгі бағытын көрсетуі керек. Актуалдық тиянақталады, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, зерттеудің объекті, информация көзі.

Курстық жұмыс семестрдің 7-11 апталарында жазылады.

**5. Жұмысты дайындау (оформление).**

Курстық жұмысқа қойылатын тағы да бір талап - ол жұмысты белгіленген тәртіпке сай дұрыс безендірілуі. Біріншіден, негізгі бөлімде қолданған әдебиеттерге тік жақшамен сілтеме жасау (мысалы [1]); екіншіден, қаралған сұрақтарды әртүрлі схемалар, кестелер (таблицалар), график-схемаларды қолданып баяндау; үшіншіден, курстық жұмыста ресми құжаттарды, Қазақстан материалдарын қолдану қажет болады.

Курстық жұмыстың құрылымы:

- Титулды бет (1-ші бет болып есептелінеді) (*1-Қосымша*);
- Жоспар (2-ші бет болып есептелінеді) (*2-Қосымша*);
- Кіріспе (3-ші бет болып есептелінеді);
- Негізгі бөлім (3-4 сұрақтан (тараудан) тұрады);
- Қортынды (қортындылар және ұсыныстар);
- Қолданылған әдебиеттер тізімі;
- Қосымшалар;

Жұмыстың басында мазмұны мен сәйкес бөлімдер, параграфтар, тараулар беттері болуы керек. Әдебиет тізімі курстық жұмысқа кіреді, ол 10-15 әдебиет көзінен кем емес болуы қажет;

Текст парақтың бір жағына жазылады (стандартты А4 форматты парақта), сонымен қатар рецензенттің ескертулеріне арналған ашық шет қалдырылады. Парақтың сол жағында 3 см, оң жағында 1 см, жоғарғы-2 см және төменгі-2 см орын қалтыру керек. Беттердің номерлері болуы қажет. Текст машинамен Times New Roman стилімен, 14 шрифтпен, 1 интервалмен жазылуы керек, цитаталар қай әдебиеттен алынғанын және авторын көрсету керек, сонымен қатар жұмыстың аты, тақырыбы, орны және басылған жылы, беті болуы тиіс. (мысалы: *Жалпы экономикалық теория. Оқулық / Шеденов Ө.Қ., Жүнісов Б.А., Байжомартов Ү.С., Комягин Б.И.J - Алматы, - Ақтөбе, 2002.*).

«Кіріспе», әр тарау, «Қорытынды», әдебиеттер тізімі жаңа беттен бастап жазылады.

**III. Курстық жұмысты қорғау.**

Студент курстық жұмысты сапалы орындап, семестрдің 11-14 апталарында тапсыруы керек, рецензиялау үшін. Бұл міндетті шарт рецензиямен сәйкесте курстық жұмысты өңдеуді ұйымдастырып қорғауға дайындалу үшін. Рецензияда курстық жұмыстың алдын-ала қорғауға «рұқсат» немесе «рұқсат емес» баға қойылады. Егер жұмысты қорғауға рұқсат берілмесе, ол кафедраға тапсырылып жаңа жұмыс көрсетілуі тиіс. Курстық жұмысты қорғау уақытындағы студенттердің міндеті тақырып бойынша сұрақтардың терең түсінуі. Тақырып бойынша барлық сұраққа жауап беруге дайын болу керек, бұл сұрақтар студентке алдын-ала белгісіз, және жұмысты қорғау уақытында пайда болады. Жазып орындаған жұмысын студент ауызша ашық түрде, басқа студенттердің алдында, оқытушының қатысуымен қорғайды. Сстудент 5-7 минуттық баяндама дайындайды. Баяндамада қай себеппен тақырыпты таңдауы жайлы, жұмыста қандай талаптар қойылғанын, қандай жолмен шешілгені және қандай қорытынды шығарылғаны жайлы айтылуы тиіс, жетекші-оқытушының және қатысқан студенттердің қойған сауал-сұрақтарына ұтымды жауап беруі қажет. Осылай қорғаудың нәтижесінде курстық жұмыс және оны орындаған студент өзінің қорытынды бағасын алады. Бағасы сынақ ведомосына жазылады; оны растайтын оқытушының қолы қойылады.

**Бағалар критерийлері.**
**Курстық жұмысты бағалаудың жалпы шкаласы**

| Баға | Әріптік эквивалент | Пайыз бойынша % | Балл бойынша |
|---|---|---|---|
| Өте жақсы | А | 95-100 | 4 |
| | А- | 90-94 | 3,67 |
| Жақсы | В+ | 85-89 | 3,33 |
| | В | 80-84 | 3,0 |
| | В- | 75-79 | 2,67 |
| Қанағаттанарлық | С+ | 70-74 | 2,33 |
| | С | 65-69 | 2,0 |
| | С- | 60-64 | 1,67 |
| | Д+ | 55-59 | 1,33 |
| | Д- | 50-54 | 1,0 |
| Қанағаттанарсыз | F | 0-49 | 0 |

**1-Қосымша**
Курстық жұмыстың титулды бетінің үлгісі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Экономика және әкімшілік ғылымдар» факультеті**

Suleyman Demirel University

**«Экономика және Қаржы» кафедрасы**

**КУРСТЫҚ ЖҰМЫС**
тақырыбы: «Коммерциялық негіздерде жұмыс істейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы»

Пәні:__________

Орындаған студент: Аты-жөні, топ атауы №

Тексерген: оқытушының аты-жөні

Қаскелең, 2015

**2-Қосымша**

**ЖОСПАР**


КІРІСПЕ

1. Коммерциялық негіздерде жұмыс істейтін шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының мәні;
2. Коммерциялық шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысын басқару ерекшеліктері.
3. ЖШС «Айдын» қаржысын талдау.

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚОСЫМШАЛАР

**3-Қосымша**

## Ұсынылатын әдебиеттер:

### Негізгі әдебиеттер:


1. Мельников В.Д. Финансы: Оқулық/ В.Д.Мельников; ҚР Білім және ғылым министірлігі. – Алматы: ТОО «print-S», 2011. – 603 с.
2. Государственный бюджет: учебник / С.М. Омирбаев, С.Ж. Интыкбаев (и др.). – Алматы: Дәуір, 2011. – 632 с. – (К 20-летию независимости РК ) (MBA).
3. Құлпыбаев С.К., Мельников В. Д. Каржы негіздері. Учебник для вузов. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2009
4. Мельников В.Д. Основы финансов. Учебник. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2009.
5. Интыкбаева С.Ж. Государственные финансы – Алматы: Эверо, 2007.
6. Финансы: Учебник / Р.К. Серкебаева, Р.У. Смагулова. – Алматы: ТОО «BOOKPRINT», 2014. – 320с.


### Қосымша әдебиеттер:


1. Финансы бюджетных организаций: Учебник / ред. Г.Б.Поляк. – 2-е изд., испр. И доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2011. – 463 с.
2. Финансы организаций (предприятий): Учебник / ред. Н.В.Колчина. – 5-е изд., испр. И доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2011. – 407 с.
3. Попова Р.Г. Финансы предприятий: учебное пособие / Р. Попова. – СПб: Питер, 2010 – 208с.
4. Хамильтон Карен Л. Личное финансовое планирование ( страхование, инвестиции, пенсии, носледство): учебник / Хамильтон Карен Л. – М.: ИНФРА-М, 2010. – 400 с.
5. Михель Э.Э. Корпоративные финансы \Михель Э.Э.-Алматы: Азия-Принт, 2010 год-400 с.
6. Финансы. Учебник для вузов. Под ред. М.В. Романовского и др. – М.: Перспектива. «Юнити», 2005.
7. Финансы. Учебник для вузов / Под ред. Г.Б. Поляка. – 2-е изд.– М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2004
8. Корпоративные финансы. Учебное пособие. Э. Э. Михель, А. Б. Рахимбаев, А. К. Бельгимбаев и др. – Алматы: Азия-Принт, 2009
9. Брайчева Т. В. Государственные финансы. Учебное пособие. – СПб: Питер, 2001
10. Иванов А.П. Финансовые инвестиции на рынке ценных бумаг: научное издание / А.П. Иванов. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Дашков и К, 2010. – 480 с.
11. Бригхэм, Ю. Финансовый менеджмент. Экспресс-курс: учебник / Ю.Бригхэм. – 4-е изд. – СПб: Питер, 2011. – 544 с.
12. Баймуратов У. Б. Деньги и финансы: нелинейная система: научно-популярное издание. Том 1. – Алматы: Экономика, 2005
13. Баймуратов У. Б. Финансы Казахстана // Том 2. Избранные научные труды. – Алматы: БИС, 2005
14. Васильева М. В. и др. Финансовая политика. – Ростов н / Дону: Феникс,2008
15. Аханов С.А. Национальный капитал: теория и практика. Монография. – Алматы: Университет туран. 2010. – 365 с.
16. Интыкбаева С.Ж. Фискальная политика и её роль в обеспечении устойчивого разви тия экономики Казахстана.– Алматы, Каржы-Каражат, 2002


### Интернет материалдары


1. Қаржы Министірлігі www.minfin.kz/
2. Ұлттық банк http://www.nationalbank.kz/
3. Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігі http://economy.gov.kz/kz/
4. Қазақстан Республикасының статистика агенттігі http://www.stat.kz
5. http://edu.kase.kz/kz/glossary


## Introduction

Writing a coursework is compulsory assignment and first step into the world of science for the students of "Finance" and «Accounting and Audit» specialty. It is the first step into writing a more advanced scientific articles and diploma work.

Coursework should be 10-15 pages long.

From the list of given topics, students select the one they want.

With the permission of the teacher, student can change the topic name or its content.

Two students from the same group can't write coursework on the same topic.

### II. Main objectives of coursework.

Main objective – to deeply research theoretical and practical knowledge acquired during the discipline.

Coursework should include the following parts:

- Introduction;
- Main Part;
- Conclusions and Suggestions;
- Reference List;
- Appendixes.

At the beginning student should choose the topic. Choosing the right topic can help to finish the work on time. Topic can be chosen after student completes first 5 chapters of the Finance and Financial accounting disciplines.

Before choosing the topic, student should be familiar with the main issues and problems of the current literature related with Finance and Accounting. Students can use articles, books, newspapers, web resources and statistical databases.

### II. Stages of writing coursework.

**1. Choosing a topic and collecting literature.**

During the collection of literature pay attention to the following famous economists: Adam Smith, David Ricardo, Karl Marks, Fisher, Markowitz, Sharp, Merton, Miller and etc.

Additionally students can use local and international newspapers, articles, literature and etc. Main local magazines are: «Вопросы экономики», «Финансы Казахстана», «Ақша және несие», «Бизнес», «Корпоративные финансы», «ҚР ҒА Хабаршысы» etc. and main local newspapers are: «Казахстанская правда», «КоммерсантЪ», «Капитал», «Деловая неделя» etc.Students don't have to read materials from the beginning to the end, it is enough to read some parts.

In appendix 3 there are list of recommended literature.

**2. Making Plan.**

When making literature analysis, a brief plan should be made. Making a good plan is very important. It is better to divide coursework into 3 sections.

Firstly, the topic of the work should be well categorized.

Secondly, the main issue of the work should be well explained and pictured.

Thirdly, categorized and well pictured issue should be solved taken into account Kazakhstan's current economic, financial and social conditions.

In addition, coursework should include introduction and conclusion parts. Introduction part should contain main questions, main objectives of the proposed research. Introduction should be brief and contain 1-1,5 pages.

Conclusion part should contain concluding remarks, the main findings and suggestions of the work.

**3. Selecting the right data.**

When writing the coursework, factual and statistical data should be used. Main sources of data are: books, statistical database, newspapers, and etc.

In order to make sound analysis, students should prepare illustrative tables, graphs, diagrams and etc.

**4. Writing the text.**

Student can start writing the main part after the approval by his instructor. Literature shouldn't be just copied and pasted.

Instruction for writing: main part is written first, introduction and conclusions are written afterwards.

Coursework should be written at the second half of the semester.

**5. Preparing the work.**

Coursework should be formatted according to given standards. Firstly, references should be written in a brackets(example [1]); second, used tables, graphs, pictures should be well interpreted; third, data should be used only from reliable sources.

Structure of the coursework:

- Title Page (1st page) (*Appendix I*);
- Content (2nd page) (*Appendix I*);
- Introduction (3rd page);
- Main part (3-4 chapters);
- Conclusion (conclusions and suggestions);
- Reference List;
- Appendixes;

Coursework should be written in a A4 format page. It should have the following margins: left side 3cm, right side 1cm, upside 2cm, bottom side 2cm.

Each page should be numbered. Coursework should be written in Times New Roman style, with 14 size and 1 interval.

Each new section should be started from new page.

**III. Defense of the coursework.**

Student should finish and successfully submit the work by the 14-15th week of the semester. After that, instructor will make a preliminary evaluation of the work and accept or reject the work for the final defense. In case if instructor rejects the work, student will have to do a new work from the beginning. Before the defense students should be very well prepared for his work. During the defense instructor will ask some questions related to his work.

Submitted work is presented by the student in front of the class with the participation of the instructor. Defense lasts for 5-7 minutes. During the defense student should explain his research topic, the main questions, main findings and suggestions, and answer to all questions from his teacher and classmates. After defense is successfully completed, instructor makes his final evaluation and puts some grade on that work.

**Grading Policy**

| Grades | Letter | Percentage | GPA |
|---|---|---|---|
| Excellent | A | 95-100 | 4 |
| | A- | 90-94 | 3,67 |
| Good | B+ | 85-89 | 3,33 |
| | B | 80-84 | 3,0 |
| | B- | 75-79 | 2,67 |
| Satisfactorily | C+ | 70-74 | 2,33 |
| | C | 65-69 | 2,0 |
| | C- | 60-64 | 1,67 |
| | Д+ | 55-59 | 1,33 |
| | Д- | 50-54 | 1,0 |
| Fail | F | 0-49 | 0 |

**Appendix 1**

Example of the Title Page

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**SULEYMAN DEMIREL UNIVERSITY**

**FACULTY OF ECONOMICS AND ADMINISTRATIVE SCIENCES**

SULEYMAN DEMIREL UNIVERSITY

**«Economics and Finance» Department**

**Coursework**

Topic: «Capital Budgeting methods used in Kazakhstani firms»

Discipline

**Prepared by:** Name, group

**Checked by:** Name

**Kaskelen, 2015**

**Appendix 2**

Content

Introduction

Main Part

Introduction

References

Appendixes

**Appendix 3**

**Recommended Literature:**

**Main Literature:**

7. Мельников В.Д. Финансы: Окулык/ В.Д.Мельников; ҚР Білім жэне гылым министрлігі. – Алматы: ТОО «print-S», 2011. – 603 с.
8. Essentials of Managerial Finance, Besley and Brigham, 13 the edition 2004
9. Fundamentals of Corporate Finance. Richard A. Brealey, Stewart C. Myers, Alan J. Marcus. 3rd Edition - McGraw-Hill & Irwin – 2001
10. Financial Management and Analysis, 2nd Edition. Pamela P. Peterson, Frank J. Fabozzi, 2003
11. Финансы: Учебник / Р.К. Серкебаева, Р.У. Смагулова. – Алматы: ТОО «BOOKPRINT», 2014. – 320с.

**Additional Materials and other internet sources:**

1) Corporate Finance, Ross and Westerfield, fifth edition, Irwin Mc Graw Hill
2) Corporate Finance-Theory and Practice, Aswath Damodaran, second printing
3) Financial and Managerial Accounting: Basis for Business Decisions; By Williams (editor); 2002; Mc-Graw Hill
4) Financial Markets and Institutions, Jeff Madura, second Edition
5) http://websites.swlearning.com/cgi-wadsworth/course_products_wp.pl?fid=M20b&product_isbn_issn=0324259689&discipline_number=414&audience_code=020
6) http://www.iasb.org/
http://accounting.rutgers.edu/raw/fasb/
7) http://www.asb.org.uk/
8) http://www.standardsetter.de/
9) http://www.gasb.org/
10) www.minfin.kz
11) http://www.nationalbank.kz/
12) http://economy.gov.kz/kz/
13) http://www.stat.kz
14) www.kase.kz

**Құрастырушылар: Сарсенова Д., Азимбекова А., Заманбеков Д., Сабденалиев Б., Тлеубаев А., Кусниева А.**

Оқу-әдістемелік нұсқаулық

Техникалық редактор: Айдана Монтаева

Баспаға Сүлейман Демирель Университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің 2015 жылғы 25-тамыздағы № 1хаттамасы бойынша ұсынылды.

**«ҚАРЖЫ» және «ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП 1» пәндері бойынша студенттер үшін курстық жұмыс жазуға әдістемелік нұсқаулар**

**Басуға 2015 жылғы 25-тамызда қол қойылды, формат 60x90/16 1 офсеттік басылым**
**Сандық басылым, көлемі 1 б.т., таралымы 500 дана**

**«Print World» баспасы**
**Таралымы 500 дана**